

«Қаралды»  
ӘБ жетекшісі:  
Баязова Г.Ж  
Хаттама №1

Баязова

« 01 » 09 2022ж

«Келісілді»  
мектеп директорының  
оқу ісі жөніндегі орынбасары:  
Залучуд .А.

Залучуд

« 01 » 09 2022ж

Бекітемін:  
Мектеп директоры:  
Балтабаева Д.К.



Балтабаева

« 01 » 09 2022 ж

Перспективалық жоспар  
2022- 2023 оқу жылы

Сынып: МАД «А»  
Мұғалім: Мерғалиева Г.Р

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 – 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ КММ  
мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Балалардың жасы: 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеруге үйрету.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүруге жаттықтыру;  <b>Жүгіру.</b> Шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіруге үйрету,  <b>Секіру.</b> Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруге үйрету,  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату.</b> Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алуға жаттықтыру (4–5 рет).  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуге үйрету.  <b>Тепе-теңдік сақтау.</b> Заттардан аттап жүру, шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүруге үйрету.  <b>Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру.</b> Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұруға жаттықтыру.  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.  <b>Спорттық ойындар.</b> Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.  <b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b> Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.  <b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>

	<b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.
Сауат ашу негіздері	<b>Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:</b> Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	<b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру; <b>Заттар әлемі,кеңістікте бағдарлау.</b> Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтылап, енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру. <b>Көлік , байланысқұралдары.</b> Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру; <b>Ересектердің еңбегі.</b> Әртүрлі мамандық иелері туралы, еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы үйрету. <b>Менің Отаным- Қазақстан. Еліміздің рәміздері.</b> Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. <b>Қазақстан Республикасының әскері.</b> Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту. <b>Жолда жүру ережелері.</b> Балалардың жолдың жүріс бөлігі, осьтік сызық туралы ұғымдарын бекіту.
Сурет салу	<b>Заттық сурет салу.</b> Балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. <b>Сәндік сурет салу.</b> Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдануға үйрету; <b>Сюжеттік сурет салу.</b> Бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру.
Жапсыру	<b>Заттық жапсыру.</b> Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алуға үйрету. <b>Сәндік жапсыру.</b> Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету;

	<p><b>Сюжеттік жапсыру.</b>Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау:</b>Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.</p> <p><b>Ән айту:</b>Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету .</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындауға үйрету.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар.</b>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге үйрету.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ КММ  
мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Балалардың жасы : 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан 2023ж.	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b>Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау.</b>Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру.  <b>Жүгіру.</b>Шашырап, жұппен жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b>Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.  <b>Секіру.</b>Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату.</b>Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.  <b>Сапқа тұру,сап түзеу , сапқа қайта тұру.</b>Сапқа бір, екіден тұруға үйрету.  <b>Музыкалық –ырғақтық қимылдар:</b> Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b> Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу;  <b>Кеудеге арналған жаттығулар.</b> Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру.  <b>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.</b>3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).  <b>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.</b>екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);  <b>Арқаға арналған жаттығулар.</b>Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет)  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.  <b>Спорттық ойындар.</b> Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды</p>

		<p>айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.</p> <p><b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b> Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p><b>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.</b> Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну.</p> <p><b>Адамгершілікке баулу.</b> Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Менің Отаным- Қазақстан.</b> Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының</p>

	<p>рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру.</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.</p>
Сурет салу	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).</p>
Жапсыру	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алу.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Би қимылдарын:</b> қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс</p>

		әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауыппаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
--	--	---



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ КММ  
мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Балалардың жасы : 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау.</b> Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру.  <b>Жүгіру.</b> Қатармен бір-бірден, екеуден жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Кедергілер арасынан еңбектеу.  <b>Секіру.</b> Екі тізенің арасына қапшықты қысып алыпсекіру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату.</b> Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.  <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> Үш қатармен тұру.  <b>Музыкалық –ырғақтық қимылдар:</b> Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b> Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу;  <b>Кеудеге арналған жаттығулар.</b> Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.  <b>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.</b> 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).  <b>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.</b> Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет)  <b>Арқаға арналған жаттығулар.</b> Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орында  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Спорт түрлеріментаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.  <b>Спорттық ойындар.</b> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.  <b>Қимылды ойындар.</b> Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.  <b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау.</p>

		<p><b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b> Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
	Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

Қоршаған ортамен таныстыру

**Бала, оның отбасы, үйі.** Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.

**Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

**Көлік, байланыс құралдары.** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

**Еңбекке баулу.** Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. **Адамгершілікке баулу.** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.

**Менің Отаным - Қазақстан.** Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, Ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.

**Жол қозғалысы ережелері.** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.

**Табиғатпен таныстыру.** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.

**Өсімдіктер әлемі.** Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.

**Жануарлар әлемі.** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту.</b>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Би қимылдарын:</b>қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.Музыкалық (сазсырнай, тұяқтас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ КММ  
мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Балалардың жасы : 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b>Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру  <b>Тепе-теңдік сақтау.</b>Арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру  <b>Жүгіру.</b>Үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b>Допты басымен итеріп еңбектеу.  <b>Секіру.</b>Түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру.  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату.</b> Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.  <b>Сапқа тұру,сап түзеу , сапқа қайта тұру.</b>Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына тұру.  <b>Музыкалық –ырғақтық қимылдар:</b> Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b>Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу.  <b>Кеудеге арналған жаттығулар.</b> Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тактайшаны ұстап, алға еңкею.  <b>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.</b> 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).  <b>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.</b>Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет)  <b>Арқаға арналған жаттығулар.</b>Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр)  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;  <b>Спорттық ойындар.</b> Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.  <b>Қимылды ойындар.</b> Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p>

	<p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p><b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b> Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, қисынды қайталап айтып беру.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтып беру.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз)</p> <p>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>Сөйлемдерді ауызша талдау.</p> <p>Сөздерді дыбыстық талдау. Сөздегі дыбыстың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p><b>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.</b> Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p><b>Адамгершілікке баулу.</b> Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Менің Отаным- Қазақстан.</b> Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік,</p>

	<p>Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру.</b> Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p>
Сурет салу	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p>
Жапсыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тындау.</b> Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту.</b> Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Би қимылдарын:</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (қоңырау, сыбызғы) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ КММ  
мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Балалардың жасы : 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар 2023 ж.	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау.</b> Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтаймен жүру.  <b>Жүгіру.</b> Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м).  <b>Секіру.</b> Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м)  <b>Лақтыру, қағып алу, домалату.</b> 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру.  <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> Бір-бірінің артынан сапқа тұру.  <b>Музыкалық –ырғақтық қимылдар:</b> Түзу бағытта адымдап жүру.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b> Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.  <b>Кеудеге арналған жаттығулар.</b> Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру.  <b>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.</b> 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).  <b>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.</b> Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).  <b>Арқаға арналған жаттығулар.</b> Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу,  <b>Спорттық жаттығулар.</b> Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;  <b>Қимылды ойындар.</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен</p>



	<p>эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b> Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
Сауат ашу негіздері	Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу.</p>
	<p><b>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.</b> Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу.</p> <p><b>Адамгершілікке баулу.</b> Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Менің Отаным- Қазақстан.</b> Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, Ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру.</b> Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту,</p>

	<p>жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу және т. б.); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т. б.) бойынша топтастыру.</p>
Сурет салу	<p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.</p> <p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p>
Жапсыру	<p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Би қимылдарын:</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Би шығармашылығы.</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Музыкалық (домбыра, металлофон) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерін таныстыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ КММ  
мектепалды даярлық «А» сыныбы  
Балалардың жасы : 5 жастағы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
